

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанда кезекті шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі № 91 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 14 маусымда № 7-4-108 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 28 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2011.02.08 № 28 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы 1-қосымшаға сәйкес құрылып, бекітілсін. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында

аудандық медициналық комиссия құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды толық әскери қызметке шақыру, оларды әскер қатарына жөнелту үшін уақытында қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Бөкей ордасы аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша):

1) шақыру кезінде медициналық комиссияның құрамын айқындап, соған арнап қажетті мөлшерде жоғары білікті, тәжірибелі дәрігер-мамандар, медбикелер бөлу және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру пунктін медициналық жабдықтармен және аспаптармен қамтамасыз ету;

2) шақыру комиссиясы емдеу мекемесіне жіберген шақыртушыларды стационарлық тексеруден өткізу;

3) осы мақсатқа арнап аудандық ауруханадан орындар бөлуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. "Батыс Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің Бөкей ордасы ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскерге шақырылушыларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшейтілген кезекшілігін ұйымдастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. "Бөкей ордасы ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру, оларды әскери бөлімшелерге алдыру жөніндегі шараларды орындауға байланысты шығындарға, аудандық бюджеттен қаралған қаражатын бөлсін.

8. "Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақырудың барысы туралы қорытынды ақпаратты 2010 жылдың 10 шілдесіне және 2011 жылдың 10 қаңтарына тапсыру ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Т. Қайырғалиеваға жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 15 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Р. Карин

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Бөкейорда ауданының Қорғаныс

істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, майор
Алтаяқов Бауыржан Жиенбайұлы

29.04.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Бөкей ордасы
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
директоры
Ғаббас Әділгерей Уалиұлы

04.05.2010 ж.

Бөкей ордасы аудандық
"Нарын жастары" жастар
қоғамдық бірлестігінің
жетекшісі
Ташуов Жалғас Есқайырұлы

12.05.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысы
ішкі істер департаменті
Бөкей ордасы ауданының
ішкі істер бөлімінің
бастығы
Хайруллин Ізімбек Сақтарұлы

14.05.2010 ж.

1 - қ о с ы м ш а

А у д а н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 8

ә к і м д і г і н і н

с ә у і р д е г і

№ 91 қаулысымен бекітілді

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Алтаяқов Бауыржан Жиенбайұлы - аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлім бастығы,
шақыру комиссиясының
төрағасы (келісім

бойынша);

Айтқалиев Ержан Жексенұлы - аудан әкімі аппаратының
басшысы, комиссия
төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Искаков Жанболат Төлепқалиұлы - аудандық ішкі істер
бөлімі бастығының
орынбасары (келісім
бойынша);

Хаирова Ағайша Ермекқызы - терапевт, медициналық
комиссия төрағасы;

Мұхатова Роза - аудандық аурухананың
медбикесі, комиссия
хатшысы

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының (резервтік) құрамы

Теміров Бердібек Баубекұлы - аудандық қорғаныс
істері жөніндегі
бөлімнің әскерге шақыру
және келісім-шарт
бойынша әскери
қызметкерлерді
жинақтау бөлімшесінің
бастығы, шақыру
комиссиясының төрағасы
(келісім бойынша);

Аққалиев Мейрамбек - аудан әкімі аппаратының
Сағынғалиұлы құжаттармен қамтамасыз
ету және қаржы-
шаруашылық бөлімінің
меңгерушісі, комиссия
төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Жанбаев Мадияр Исатайұлы - аудандық ішкі істер
бөлімі бастығының

орынбасары (келісім бойынша);
Нүркенов Серік Насиұлы – хирург, медициналық комиссия төрағасы;
Ташуов Жалғас Есқайырұлы – аудандық "Нарын жастары" жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, комиссия хатшысы (келісім бойынша);

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының жұмыс тәртібі (жергілікті уақыт бойынша) сағ. 9.00-дан 17.00-ға дейін белгіленсін.

Аудандық медициналық комиссияның құрамы

Медициналық комиссияның төрағасы, дәрігер

дәрігер мамандар:
Хирург
Көз дәрігері
Нарколог
Невропатолог
Тері венеролог
Дерматолог
Рентгенолог
Тіс дәрігері
Отоларинголог
Терапевт

Психиатр

Орта буын медицина қызметкерлері:
Көз дәрігерінің медбикесі
Терапевт дәрігердің медбикесі
Отоларинголог дәрігердің медбикесі
Рентгенолог дәрігердің медбикесі
Психиатр дәрігердің медбикесі
Нарколог дәрігердің медбикесі
Тіс дәрігердің медбикесі
Невропатолог дәрігердің медбикесі
Дерматолог дәрігердің медбикесі
Фтизиатрдың медбикесі

медбикесі

2 - қ о с ы м ш а

А у д а н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 8

ә к і м д і г і н і ң

с ә у і р д е г і

№ 91 қаулысымен бекітілді

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№р/с	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	Комиссияның жұмыс күндері					
		сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	ж е л - тоқсан
1	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	15, 16, 19, 20, 21	-	-	1, 4, 5, 6, 7, 8	-	-